



«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының  
2023 жылғы «28» желтоқсандағы шешіміне  
(№40 хаттама)  
№1 қосымша

## «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл саясаты

Құжат иесі	«Корпоративтік басқару және орнықты даму» департаменті
Редакциясы	1
Жылы	2023

Астана қ.

### **Мазмұны**

<b>1. Мақсаты және қолданылу аясы .....</b>	<b>3</b>
<b>2. Терминдер және қысқартулар .....</b>	<b>3</b>
<b>3. Жалпы ережелер.....</b>	<b>4</b>
<b>4. Міндеттемелер мен принциптер.....</b>	<b>4</b>
<b>5. Негізгі бағыттар мен бастамалар.....</b>	<b>5</b>
<b>6. Жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесу .....</b>	<b>6</b>
<b>7. Мониторинг және есептілік.....</b>	<b>8</b>
<b>8. Қорытынды ережелер.....</b>	<b>8</b>
<b>1 қосымша Жергілікті қоғамдастықтарды қолдау және дамыту бағдарламасының нысаны.....</b>	<b>9</b>

## 1. Мақсаты және қолданылу аясы

1.1. Осы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жөніндегі саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Компания) жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл саласындағы қызмет қағидаттарының, міндеттемелерінің, бастамаларының сипаттамасын, сондай-ақ қызмет көрсету аймақтарындағы жергілікті қоғамдастықтармен кері байланыс орнату және ақпаратты жария ету бойынша өзара іс-қимыл тетіктері мен әдістерін қамтиды.

1.2. Саясат «Самұрық-Энерго» АҚ Даму стратегиясына, Орнықты даму саласындағы басшылық құжатқа, Корпоративтік басқару кодексіне, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарына, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және Тау-кен және металдар жөніндегі халықаралық кеңестің (ICMM) Жергілікті қоғамдастықтарды дамыту жөніндегі басшылығының ұсынымдарын, AA1000 сериялы халықаралық стандарттар, GRI, БҰҰ-ның Жаһандық келісім қағидаттары, сондай-ақ БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарының талаптарын ескере отырып әзірленді.

1.3. Осы Саясат «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына қатысты қолданылады.

## 2. Терминдер және қысқартулар

Термин   қысқарту	Анықтамасы
<b>GRI</b>	Жаһандық есеп беру бастамасының стандарттары (Global Reporting Initiative Standards)
<b>ICMM</b>	International Council on Mining and Metals (Тау-кен және металдар жөніндегі халықаралық кеңес)
<b>Қайырымдылық</b>	қайырымдылық көмек көрсетуге және адамгершілік қажеттіліктерді қанағаттандыруға негізделген, ерікті, өтеусіз не демеушілік және меценаттық қызмет түрінде жеңілдікті шарттармен жүзеге асырылатын әлеуметтік пайдалы қызмет
<b>Қайырымдылық жобасы</b>	Саясатта және Қайырымдылық бағдарламасында көрсетілген бағыттар бойынша мәлімделген шығыстар сметасы мен мерзім шеңберінде қайырымдылықты жүзеге асыру үшін пайдаланушы және/немесе «SK-Trust» Қоры бастамашылық жасаған іс-шаралар кешені
<b>ІНҚ</b>	ішкі нормативтік құжат
<b>Жоғары басшылық</b>	компанияның басқару органы және / немесе атқарушы органы (компания жарғысында белгіленген құзыреттерге байланысты)
<b>«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы, компаниялар тобы</b>	«Самұрық-Энерго» АҚ және оның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы тікелей «Самұрық-Энерго» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі еншілес ұйымдары
<b>ЕТҰ</b>	еншілес және тәуелді ұйымдар
<b>Мүдделі тараптар /Стейкхолдерлер</b>	тікелей немесе жанама әсер ететін, немесе ұйым қызметінің, олардың өнімдерінің немесе қызметтерінің заңнама нормаларына, жасалған шарттарға (келісімшарттарға) байланысты іс-әрекеттерінің ықпалын сезінуі мүмкін жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке немесе заңды тұлғалар тобы
<b>Компания</b>	«Самұрық-Энерго» АҚ немесе оның ЕТҰ-лары
<b>Жергілікті қауымдастықтар</b>	Компания қызмет көрсететін өңірлерде тұратын немесе жұмыс істейтін жеке тұлғалар немесе тұлғалар тобы

<b>МТҚЖ</b>	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары – мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, сәйкестендіру және талдау жөніндегі қағидаттарды, талаптар мен шарттарды, шағымдарды беру және қарау тетігін, сондай-ақ жоспарды мониторингілеу және ол бойынша есептілікті дайындау процесін сипаттайтын жоспар
<b>«Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық саясаты</b>	қайырымдылықты жүзеге асырудың принциптерін, басым бағыттарын, жоспарлау мен тәртібін айқындайтын саясат, сондай-ақ қайырымдылық бойынша қаражаттың нысаналы жұмсалуына мониторинг жүргізу және «Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық шараларын ақпараттық-имидждік сүйемелдеу
<b>«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қайырымдылығын көрсету және мониторингілеу қағидалары</b>	«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қайырымдылық жобаларын қарау, қаржыландыру және мониторингілеу тәртібін айқындайтын қағидалар
<b>Әлеуметтік жоба</b>	әлеуметтік сипаттағы белгілі бір проблемаларды шешуге және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жоба
<b>AA1000 стандарттары</b>	Есеп беру, стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу және верификация саласындағы халықаралық стандарттар сериясы
<b>Қор</b>	«Самұрық-Қазына» АҚ

### 3. Жалпы ережелер

3.1. «Самұрық-Энерго» АҚ тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз ете отырып, бүкіл Қазақстан бойынша 17 мыңнан астам жұмыс орнын құра отырып, елдің инфрақұрылымында және қатысу өңірлеріндегі жергілікті қоғамдастықтарды қолдауда маңызды рөл атқарады.

3.2. Компания бизнестің әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігін сезіне отырып, қоғамға өз қызметі арқылы барынша пайда әкелуді қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтарды жергілікті тұрғындар өз әлеуетін іске асыра алатын және экономикалық және әлеуметтік өсуге белсенді әсер ете алатын әлеуметтік маңызы бар жобаларды бірлесіп іске асыруға тарту мақсатында жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасайды.

3.3. Компания өзі жүзеге асыратын инвестициялардың: қызмет ететін өңірлерде өндірістік-экономикалық базаны дамытуға, табиғи ортаны сақтауға, еңбек құқығын іске асыруға ықпал етуіне ұмтылады.

### 4. Міндеттемелер мен принциптер

4.1 Компания бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидатын ұстанады, қатысу өңірлерін дамытуға өз үлесін қосады және Компанияның жергілікті инфрақұрылымды дамытуға, өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартуға және әлеуметтік қолдауға қатысу мәселелері бойынша жергілікті қоғамдастықтармен үздіксіз өзара іс-қимылды қолдайды.

4.2 Компания қатысу өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына, лайықты еңбек жағдайлары мен халықтың әл-ауқатын қолдауға жан-жақты жәрдемдесуге ұмтылады.

4.3 Компания халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және барлық қатысу өңірлерінде әлеуметтік бастамаларды қолдауға жәрдемдесуге ұмтылады.

4.4 Компания қызметі ағымдағы міндеттерді шешу және жаңартылатын көздерден неғұрлым таза энергияны пайдалануды, биоалуандылықты сақтауды және өңірлердің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту мақсатында жерлерді рекультивациялауды қоса алғанда, қажетті ресурстарды тарту үшін инфрақұрылым мен білімге инвестициялар салуға бағытталған.

4.5 Компания жергілікті халықтың әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және мәдени мүдделерін және олардың құқықтарын таниды және сақтайды.

4.6 Компания өз жобалары мазмұнының баламалы нұсқаларын қарастыру арқылы мәжбүрлі қоныс аударуға жол бермеуге немесе осындай жайттар орын алған жағдайда, оларды барынша азайтуға тырысады. Бұлай болмаған жағдайда, Компания барлық қоныс аударушыларға компанияның экономикалық мүмкіндігі болған жағдайда мүлкін жоғалтқаны үшін өтемақы және басқа да көмек ұсынады.

4.7 Компания өзінің қатысу аймақтарындағы әртүрлі қауымдастықтармен, соның ішінде жергілікті бизнес өкілдерімен, жергілікті коммерциялық емес ұйымдармен, қатысу аймақтарындағы аймақтық билік органдарымен олар үшін ерекше маңызды мәселелерге, мысалы, жерді пайдалану құқығы, суға қол жеткізу және салауатты өмір салты және Компания қызметіне қатысты басқа да мәселелерге қатысты өзара іс-қимыл жасайды.

4.8 Компания жеткізушілермен және мердігерлермен әділ серіктестік қатынастарға түсу арқылы халықты жұмыспен қамтуға және өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдеседі.

4.9 Компания жергілікті қоғамдастықтардың өтініштерді беру және қарау тетігіне қол жеткізуін қамтамасыз етеді, бұл шара реттеуге қол жеткізуге және Компанияның қызметіне байланысты шағымдарға қатысты құқықтық қорғауға мүмкіндік береді.

4.10 Компания қатысу өңірлерінде жергілікті инфрақұрылымды, әлеуметтік және экологиялық іс-шараларды дамыту жөніндегі бағдарламалардың орындалуына бақылау жүргізеді.

4.11 Компания ашық диалог негізінде жобаларды іске асырудың тиісті кезеңдерінде, оның ішінде жергілікті қоғамдастықтармен қоғамдық тыңдауларға белсенді қатысу, жобаларды іске асырудың алғашқы кезеңдерінде консультациялар беру, заңнамаға сәйкес шағымдар мен арыздарды жинау, тіркеу және өңдеу арқылы қоғамдастықтармен тиімді өзара іс-қимылға жәрдемдесуге міндеттенеді.

4.12 Орнықты даму саласындағы басшылыққа, МТҚЖ және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл шеңберінде Компания мынадай қағидаттарды ұстанады:

- 1) этикалық нормаларды сақтау, Компания қызметі шеңберінде мүдделі тараптардың мүдделерін, көзқарастары мен таңдауларын және оларға бизнестің әсерін құрметтеу және есепке алу;
- 2) өзара ортақ мүдделерді есепке алуға, компаниялар тобы мен мүдделі тараптардың мүдделері арасындағы құқықтар мен теңгерімді сақтауға негізделген кездесулерге, талқылаулар мен диалогқа, сондай-ақ мүдделі тараптармен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты құруға ашықтық;
- 3) мүдделі тараптарды хабардар ету бөлігіндегі ашықтық, уақтылық және жүйелілік;
- 4) қабылданған міндеттемелерді жауапты орындау.

## **5. Негізгі бағыттар мен бастамалар**

5.1 «Самұрық-Энерго» АҚ өзі қызмет көрсететін өңірлермен ұзақ мерзімді жемісті қатынастарды қамтамасыз етуге және әлеуметтік жауапты компанияның имиджін нығайтуға бағытталған бастамаларды іске асырады.

5.2 Компания өзі қызмет көрсететін өңірлердің әл-ауқаты мен әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосады:

- 1) халықты электр энергиясымен, жылумен және көмірмен қамтамасыз ету;
- 2) жергілікті халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, әлеуметтік салықтар мен аударымдар, зейнетақы және сақтандыру төлемдері, қызметкерлерге медициналық қызмет көрсету шығындары және қызметкерлерді қолдаудың басқа да нысандары;
- 3) қатысу өңірлерінің дамуына, халықтың өмірін жақсартуға, жұмыс орындарын құруға әсер ететін инвестициялық жобаларды іске асыру;
- 4) салықтар төлеу арқылы өңірлердің бюджеттеріне қомақты түсімдерді қамтамасыз етудің қоғамдық инфрақұрылымын қолдау;

5) «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры бірыңғай операторы арқылы қайырымдылық және үкіметтік емес ұйымдарға, зерттеу мекемелеріне қайырымдылық көрсету арқылы жергілікті қоғамдастықтарға инвестициялар салу;

б) әлеуметтік бағдарламаларды, мәдени және білім беру іс-шараларын қолдау.

5.3 Қатысу аймақтарындағы жергілікті қоғамдастықтардың өзара іс-қимылы мен дамуы жөніндегі бағдарламаны іске асыру шеңберіндегі Компания бастамалары мына төмендегілерді қамтиды:

1) компаниялар тобының кәсіпорындары орналасқан өңірде, атап айтқанда кәсіпорын қала құраушы болып табылатын өңірлерде әлеуметтік сала объектілерін салу арқылы жергілікті инфрақұрылымды дамыту;

2) негізгі қызмет бойынша көмек бағдарламалары арқылы халықтың осал және аз қамтылған топтарын қолдау;

3) қатысатын өңірлерде халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бастамаларды іске асыру;

4) компанияның экономикалық мүмкіндігін негізге ала отырып, аумақтар жабылғаннан кейін мәжбүрлі қоныс аударған жағдайда зардап шеккен адамдар мен халық топтарының экономикалық дамуына жәрдемдесу жөніндегі бастамаларды іске асыру;

5) қайырымдылық қызметі «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының бірыңғай операторы – «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы жүзеге асырылады, бұл кәсіпорын халық үшін әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталған қайырымдылық жобалары мен бағдарламаларын іске асырады;

б) елдің экономикалық дамуының ұлттық бағдарламаларына және жергілікті инфрақұрылымды дамытуға, халықтың өмірін жақсартуға және жұмыс орындарын құруға әсер ететін жауапты инвестициялау қағидаттарына сәйкес келетін инвестициялық жобаларды іске асыру.

5.4 Жергілікті қоғамдастықтарды қолдау және дамыту бағдарламасы компаниялар тобы бойынша жоспарланған іс-шаралар бойынша ақпарат жинау арқылы жыл сайынғы негізде қалыптастырылады. Жергілікті қоғамдастықтарды қолдау және дамыту бағдарламасының нысаны осы Саясаттың 1-қосымшасында ұсынылған.

## **6. Жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесу**

6.1 Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимылдың негізгі тетіктері:

1) тікелей немесе жанама әсер ететін (әсер етуі мүмкін) немесе жергілікті қоғамдастықтардың өзара іс-қимылы мен дамуы шеңберінде мүдделі болуы ықтимал мүдделі тараптарды сәйкестендіру және талдау;

2) дайындау мен іске асырудың барлық кезеңдерінде рәсімдерді айқындай отырып, жоспарлау, консультациялар өткізу;

3) тәуекелдерді/салдарларды, артықшылықтарды қабылдау және түсіну үшін ақпаратты жария ету, сондай-ақ шағымдарды беру және қарау тетігі бойынша мониторинг және есептілікті ұсыну табылады.

### **Мүдделі тараптарды анықтау және талдау**

6.2 Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл шеңберінде мүдделі тараптарды анықтау «Самұрық-Энерго» АҚ Орнықты даму саласындағы басшылық құжатына және Митчел, Агла және Вуд моделі бойынша компания үшін маңыздылығы бойынша стейкхолдерлерді бастапқы саралауды қоса алғанда, орнықты даму саласындағы есептілік саласындағы GRI ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.3 Анықтау рәсімінің нәтижесі бойынша жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жөніндегі бастамаларды іске асыру шеңберінде негізгі мүдделі тараптар мынадай топтар болып табылады:

1) акционерлер;

- 2) мемлекеттік органдар;
- 3) биліктің атқарушы органдары;
- 4) еншілес және тәуелді ұйымдар;
- 5) қызметкерлер;
- 6) кәсіподақ;
- 7) серіктестер;
- 8) тұтынушылар;
- 9) қаржы институттары;
- 10) жеткізушілер;
- 11) халық;
- 12) БАҚ.

6.4 Қоғамның Басқарма мүшелері осы Саясатты іске асыруға жауапты болып табылады және Қоғамның барлық деңгейлерінде олардың барабарлығы мен қолдануға жарамдылығын қамтамасыз ету мақсатында осы Саясатқа тұрақты талдау жүргізуге жауапты болады.

6.5 Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл процесін басқаруға Корпоративтік басқару және орнықты даму департаменті және Адам ресурстарын басқару департаменті, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша әрбір құрылымдық бөлімше өз қызметі шеңберінде жауап береді.

6.6 Жергілікті қоғамдастықтармен тиімді өзара іс-қимыл жасау және даму бағыттарын айқындау мақсатында мүдделі тараптардың сауалнамаларын қамтитын жергілікті қоғамдастықтар өкілдері арасында талдау жүргізіледі. Мұндай талдаудың нәтижелері әлеуметтік маңызы бар бағдарламалар мен жобаларды жоспарлау кезінде ескеріледі.

#### **Жоспарлау және кеңес беру**

6.7 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың сипаты мен жүйелілігі жобаның сипатына/ауқымына, зардап шеккен қауымдастықтарға, қоршаған ортаның осал объектілеріне көрсетілетін тәуекелдерге/ықтимал теріс салдарға және жұртшылық тарапынан қызығушылық дәрежесіне байланысты өзгереді.

6.8 Қоршаған ортаға әсерді бағалау шеңберінде жаңа жобалар мен объектілерді іске қосу алдында Компания қоғамдық пікірді анықтау және әсерді бағалау процесінде оны есепке алу мақсатында жоспарланған қызмет және оның ықтимал әсері туралы жұртшылықты хабардар етуге бағытталған бірқатар іс-шараларды міндетті түрде жүзеге асырады. Инвестициялық жобаның барлық кезеңдерінде халықтың пікірін есепке алу үшін қоғамдық тыңдаулар өткізіледі, олар туралы мәліметтер қолжетімді жария дереккөздерде орналастырылады.

6.9 Жаңа жобалар мен объектілерді іске қосу шеңберінде жергілікті тұрғындармен қоғамдық тыңдаулар форматында заңнама шеңберінде тиісті материалдар дайындау арқылы консультациялар және билік органдарымен және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жүргізіледі. Келіспеушіліктерді шешу құқықтық өрісте өтеді, жобаларды жалпы бағалау жергілікті халықтың мүдделерін ескереді.

6.10 Қатысу өңірлерінде жергілікті қоғамдастықтардың өзара іс-қимылы және дамуы жөніндегі бағдарламаны іске асыру шеңберінде Қоғамның ЕТҰ-ларында орнықты даму мәселелеріне жауапты қызметкерлер қатысу өңірлерінде халықтың әлеуметтік көмек алу үшін беретін жыл сайынғы өтініштерін жинайды.

6.11 Компанияның ЕТҰ-лары өздері қатысатын өңірлерде демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қызметті жыл сайынғы негізде жоспарлайды және бұл шығыстарды компанияның экономикалық мүмкіндігіне қарай алдын ала ұйым бюджетіне салады.

6.12 «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қатысушы өңірлердің мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен ынтымақтастық туралы келісімдер жасасады, олар «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының өңірлердің әлеуметтік міндеттерін шешуге қатысуын реттейді. Бұл ретте кейбір ЕТҰ үшін өңірдің әлеуметтік дамуы үшін қаржы аударымдары жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша міндетті болып табылады.

6.13 «Самұрық-Қазына» АҚ және барлық портфельдік компаниялар, оның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ атынан елдің әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуге бағытталған қайырымдылық жобалары мен бағдарламаларын жоспарлауды және іске асыруды «Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық саясатына және «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қайырымдылық көрсету қағидаларына сәйкес «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту Қоры жүзеге асырады.

6.14 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорына өтініш берудің негізгі басым бағыттары:

- 1) әлеуметтік және медициналық сектордағы адамдарға, қауымдастықтарға көмек;
- 2) медиа, мәдени қоғамдастықты, адами әлеуетті дамыту, еңбек қатынастарын нығайту және қоғамның тұрақты дамуына инвестициялар құю;
- 3) Қор тобы қатысатын өңірлерде әлеуметтік инвестициялардың өңірлік бағдарламасын іске асыру;
- 4) Қордың және/немесе Қор тобының беделін нығайту және имиджін ілгерілету.

## 7. Мониторинг және есептілік

7.1 Жымқыру, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және бизнесті жүргізудің базалық қағидаттарын немесе «Самұрық-Энерго» АҚ Мінез-құлық кодексін бұзудың кез келген фактілері анықталған жағдайда жергілікті қоғамдастықтардың мүдделі тараптары сайтта көрсетілген байланыс арналары - <https://www.samruk-energy.kz/kz/navigation-and-support/hotline> бойынша жедел желіні өзара іс-қимыл құралы ретінде пайдалана алады. Барлық хабарламаларды тәуелсіз компания қабылдайды және өңдейді және ақпарат жасырын түрде берілуі мүмкін.

7.2 Инвестициялық жобалар бойынша ұсыныстар мен шағымдар туындаған кезде жергілікті қоғамдастықтардың мүдделі тараптары өзара іс-қимыл құралы ретінде іске асырылатын жобалар бойынша уақытша жұмыскерлер не компаниялар тобымен еңбек қатынастарында тұрмайтын адамдар және өзге де мүдделі тұлғалар сайт арқылы кері байланысты <https://www.samruk-energy.kz/kz/navigation-and-support/feedback-all/feedback-other> пайдалана алады.

7.3 Барлық өтініштер, шағымдар мен ұсыныстар белгіленген мерзімде өңделеді және Компания ұйым қызметіне қатысты кез келген елеулі әрекеттерді назардан тыс қалдырмауға тырысады.

7.4 Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру мақсатында және сыртқы мүдделі тараптардың алаңдаушылығына қатысты алдын алу шаралары үшін барлық өтініштер компаниялардың бүкіл периметрі бойынша жинақталады және жыл сайын Директорлар кеңесінің назарына жеткізіледі.

7.5 «Самұрық-Қазына» АҚ және барлық портфельдік компаниялар, оның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ атынан елдің әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуге бағытталған іске асырылған қайырымдылық жобалары мен бағдарламаларының нәтижелері «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының жылдық есебінде сайтта жарияланады: [https://sk-trust.kz/kk/docs\\_category/zhariya-zhyldyq-esep/](https://sk-trust.kz/kk/docs_category/zhariya-zhyldyq-esep/).

7.6 Жергілікті қоғамдастықтарды қолдау және дамыту бағдарламасын іске асыру нәтижелері Компанияның тиісті жылдағы жылдық есебінде жарияланады.

## 8. Қорытынды ережелер

8.1 Осы құжаттың мазмұны мен қолданылуына байланысты сауалдарды Компанияға тікелей, «Самұрық-Энерго» АҚ ресми сайтында орналастырылған байланыс арналары негізінде кері байланыс беру құралдары арқылы жіберуге болады.

8.2 Осы Саясат Компанияның корпоративтік сайтында жарияланады және барлық мүдделі тараптар үшін қолжетімді.





1 қосымша

Жергілікті қоғамдастықтарды қолдау және дамыту бағдарламасының нысаны

№	Ұйым атауы	Көмектің мақсаты/бағыты	ЕТҰ	Іске асыру мерзімі
<b>БҰҰ ТДМ қолдау жобасы №</b> <i>(осы іс-шараны іске асыру БҰҰ-ның тұрақты дамуының қандай мақсатына жататынын көрсету қажет)</i>				
1				
2				
3				